

**Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 485 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 тамызда № 11923 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 804 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2015 № 804 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 11 бабының 1-тармағының 2) тармақшысына, 13 бабының 2-тармағының 6) тармақшысына, 15 бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. М ы н а л а р :

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы аясында мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан

Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің м.а. М. Құсайынов

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының Құқықтық  
статистика және арнайы есепке  
алу жөніндегі комитетінің төрағасы  
----- С. Айтпаева

2015 жылғы 23 шілде

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 30 маусымдағы  
№ 485 бұйрығына  
1-қосымша

## **Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) « Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 21-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Критерийлер мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау субъектілерін (объектілерін) меншік нысанына қарамастан эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілердің (тәуекел дәрежесі жоғары және орташа) тәуекел дәрежесіне байланысты тексерулер жүргізу кезеңділігін айқындай отырып, эпидемиялық маңызы бар объектілерге жатқызу және оларды тексерулерден босату үшін әзірленген.

3. Тексерулерді тағайындау халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органы әзірлейтін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері негізінде жүзеге асырылады.

4. Эпидемиялық маңызы бар объектілер – өндіретін өнімі және (немесе) қызметі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы

саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзылған кезінде халық арасында тамақтан уланулардың және (немесе) инфекциялық, паразиттік аурулардың пайда болуына алып келуі және (немесе) өнеркәсіптік және радиоактивті ластану халықтың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін объектілер.

5. Критерийлер объективті және субъективті критерийлер арқылы қалыптастырылады.

## **2. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті критерийлері**

6. Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді тәуекел топтары (жоғары және орта дәреже) бойынша бөлу тексерулердің ерекше тәртібінің кезеңділігін айқындау үшін жүргізіледі.

Бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне байланысты топтар бойынша бөлу, тексерулердің және зертханалық-құрал-саймандық зерттеулердің базалық кезеңділігі осы Критерийлерге 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

7. Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер өздерінің тәуекел дәрежесіне қарай 1-қосымшаға сәйкес топтар бойынша бөлінген.

Тәуекел дәрежесі жоғары топқа тексеру кезеңділігі жартыжылда 1 рет болатын объектілер жатқызылған.

Тәуекел дәрежесі орташа топқа тексеру кезеңділігі жылына 1 рет болатын объектілер жатқызылған.

8. Егер эпидемиялық маңыздылығы жоғары объекті тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестесі бекітілгеннен кейін пайдалануға қабылданса, ол 1-қосымшаға сәйкес тексеру кезеңділігімен келесі жартыжылдыққа арналған тексерулер жүргізу кестесіне енгізіледі.

## **3. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері**

9. Субъективті критерийлер адал тексерілетін субъектілерді ерекше тәртіп бойынша тексеру жүргізуден босату түрінде оларды көтермелеу принципін іске асыру мақсатында әзірленген.

10. Эпидемиялық маңызы елеусіз объектілерге қатысты тек жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

11. Тәуекел бағалауды жүргізу кезінде ерекше тәртіп немесе жүргізілген кешенді тексеру бойынша соңғы тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар ескеріледі.

12. Егер өткен күнтізбелік жыл (жартыжыл) ішінде объект тексерілмесе, ол алдыңғы күнтізбелік жыл (жартыжыл) нәтижелері бойынша айқындалған топта қалдырылады.

13. Бір субъектіге (заңды тұлғаға) жатқызылатын эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілердің тәуекел тобын айқындау әр объекті үшін бөлек жүргізіледі.

14. Бақылау және қадағалау объектілеріне тексеру жүргізу кестесін жасау ең аз қажеттілік және жеткіліктілік, адал тексерілетін субъектілерді көтермелеу, бақылау мен қадағалауды бұзушыларға аудару принциптеріне қарай жасалады.

15. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың бұзылуын өрескел, елеулі, елеусіз дәрежеге бөлу осы критерийлерге 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

16. Тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеген кезде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы орындалмаған талаптардың үлес салмағы айқындалады.

17. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өрескел дәрежедегі бір орындалмаған талап 100 көрсеткішке теңестіріледі.

18. Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеусіз дәрежедегі талаптардың бұзылуы бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

19. Талаптардың елеулі бұзылу көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_3 = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,7$$

м ұ н д а :

$\Sigma P_3$  – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың елеулі бұзылу көрсеткіші;

$\Sigma P_1$  – тексерілетін субъектіге (объектіге) тексеруге қойылатын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы елеулі талаптардың жалпы саны;

$\Sigma P_2$  – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзылған елеулі талаптардың саны.

20. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың елеусіз бұзылу көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_n = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,3$$

м ұ н д а :

$\Sigma P_n$  – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың елеусіз бұзылу көрсеткіші;

$\Sigma P_1$  – тексерілетін субъектіге (объектіге) тексеруге қойылатын елеусіз

талаптардың жалпы саны;  
 $\Sigma P_2$  – бұзылған елеусіз талаптардың саны.

21. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (УР) 0-ден бастап 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша көрсеткіштерді жинақтау жолымен айқындалады:

$$\Sigma P = \Sigma P_3 + \Sigma P_n$$

мұнда:

$\Sigma P$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\Sigma P_3$  – талаптардың елеулі бұзылу көрсеткіші;

$\Sigma P_n$  – елеусіз бұзылу көрсеткіші.

22. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші бойынша тәуекел дәрежесі жоғары тексерілетін субъект (объект):

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден бастап 60-қа дейін болған кезде – кезеңділігі осы Критерийлердің 7-тармағына сәйкес жоспарланатын тексеру жүргізудің келесі ерекше тәртібінен босатылады;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 60-тан бастап 100-ге дейін болған кезде – тексеру жүргізудің ерекше тәртібінен босатылмайды.

23. Тексеру жүргізудің келесі ерекше тәртібінен босатылған халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың бұзушылықтары бар, тәуекел дәрежесі көрсеткішін 60 баллға дейін алған тексерілетін субъект (объект) бұзушылықтарды жою мерзімі аяқталғаннан кейін анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалуын бақылау мақсатында жоспардан тыс тәртіппен тексеріледі.

Егер анықталған талаптардың бұзушылықтары жойылмаған жағдайда, тексерілетін субъект (объект) тексеру жүргізудің келесі ерекше тәртібінен босатылмайды.

24. Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 413 бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11639 болып тіркелген, ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулерден босатылатын эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілердің тәуекелдерін басқаруды бағалау жүйесіне сәйкес ерекше тәртіппен жүргізілетін тексерулерден босатылады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне

1-қосымша

**Бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне байланысты топтар бойынша бөлу, тексерулердің және зертханалық-құрал-саймандық зерттеулердің базалық жиілігі**

**Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер (ерекше тәртіп бойынша тексеруге жатқызылатын)**

р/с №	Субъектілердің (объектілердің) түрлері	Тексерулердің жән зертханалық-құрал-сайм зерттеулердің базалық ж
1	2	3
<b>Тәуекел дәрежесі жоғары объектілер</b>		
1	Балалардың сүт асүйлері	Жартыжылдықта 1 рет
2	Балаларды сауықтыру және санаторий объектілері (жыл бойғы, маусымдық)	Жартыжылдықта 1 рет
3	Барлық түрдегі және типтегі мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдары, «мектеп-бала бақша» кешендері	Жартыжылдықта 1 рет
4	Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және олар тұратын ұйымдар, барлық түрдегі және типтегі интернат ұйымдары	Жартыжылдықта 1 рет
5	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары	Жартыжылдықта 1 рет
6	Ұйымдасқан ұжымдардағы (мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдары , интернаттық ұйымдар, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, вахталық кенттер, құрылыс алаңдары, өнеркәсіптік және басқа да объектілердегі) қоғамдық тамақтану және сауда объектілері	Жартыжылдықта 1 рет
7	Кремді кондитерлік бұйымдарды өндіру объектілері	Жартыжылдықта 1 рет
8	Стоматологиялық қызметтер көрсететін объектілер	Жартыжылдықта 1 рет
9	Дәрілік заттарды дайындау объектілері	Жартыжылдықта 1 рет
10	Көліктегі қоғамдық тамақтану объектілері (теміржол, әуе, су және автомобиль ) борттық тамақтану объектілері	Жартыжылдықта 1 рет
11	Жолаушыларды тасымалдауға және жолаушыларды, қауіпті заттарды тасымалдауды ұйымдастыруға арналған көлік құралдары (теміржол, әуе, су)	Жартыжылдықта 1 рет
12	Радиациялық қауіпті объектілері	Жартыжылдықта 1 рет
13	Тері және сілемейлі қабықтың бұзылу арқылы қызмет көрсететін емдеу-косметологиялық объектілері, сұлулық салондары, косметологиялық орталықтары	Жартыжылдықта 1 рет
14	Наркологиялық ауруханаларды (диспансерлерді), психиатриялық ауруханаларды (диспансерлерді) қоспағанда стационарлық көмек көрсететін; қан қызметі саласында қызмет көрсететін; амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары	Жартыжылдықта 1 рет
<b>Тәуекел дәрежесі орташа объектілер</b>		

1	2	3
1	Дарынды балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары	Жылына 1 рет
2	Тәрбиелеу және білім берудің арнайы және түзету ұйымдары	Жылына 1 рет
3	Отыратын орын саны 50-ден асатын тамақ өнімдерін өндіретін, қайта өндейтін және өткізетін қоғамдық тамақтану объектілері	Жылына 1 рет
4	Сүт өңдеу объектілері, дайын сүт өнімдерін өндіретін объектілер	Жылына 1 рет
5	Ет өңдеу объектілері, етті және еттің жартылай фабрикаттарын және/немесе дайын ет өнімдерін өндіретін объектілер	Жылына 1 рет
6	Балық өңдеу объектілері, балықты және балықтың жартылай фабрикаттарын және/немесе дайын балық өнімдерін өндіретін объектілер	Жылына 1 рет
7	Құс өңдеу объектілері, құс етінің жартылай фабрикаттарын және/немесе құс етінің дайын өнімдерін өндіретін объектілер	Жылына 1 рет
8	Май өнімдерін өндіретін объектілер	Жылына 1 рет
9	Бдыстарға құйылған алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді, ауыз суды (оның ішінде минералды) дайындау объектілері	Жылына 1 рет
10	Жеміс өңдеу объектілері, өсімдіктен алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде соя өнімдерін қайта өңдеу объектілері	Жылына 1 рет
11	Арнайы тамақ өнімдерін және тамақ өнімдерінің өзге топтарын өндіретін және өткізетін объектілер	Жылына 1 рет
12	Аспаздық және йодталған тұзды өндіретін объектілер	Жылына 1 рет
13	Ұн тарту объектілері	Жылына 1 рет
14	Нан және нан-тоқаш бұйымдарын пісіретін объектілер	Жылына 1 рет
15	Қант өндіретін объектілер	Жылына 1 рет
16	Сауда алаңы 50 шаршы метрден асатын тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілері, азық-түлік базарлары	Жылына 1 рет
17	Тамақ өнімдерін көтерме сақтау объектілері	Жылына 1 рет
18	Өндірістік объектілердің санитариялық сыныптамасына сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарына жататын қызмет түрлері (химиялық өндіріс, металлургиялық, машина құрылысы және металл өңдеу объектілері, кен, кенді емес қазбаларды, табиғи газды өндіру, құрылыс өнеркәсібі, қауіптілігі 1 және 2-сыныптағы уытты өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, зарарсыздандыру, көму бойынша объектілер, сағатына 120 килограмм және одан артық медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау, жою, сұрыптау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату (өртеу) бойынша объектілер, минералды отынды жаққан кезіндегі электр және жылу энергиясы өндірісі, радиобайланыс, радиотарату, теледидар, радиолокация және радиобасу стационарлық радиотехникалық объектілер)	Жылына 1 рет
19	Химиялық заттарды және өнімдерді, агрохимикаттарды және пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауға арналған қоймалар	Жылына 1 рет
20	Спорттық-сауықтыру мақсатындағы объектілер, спорттық-сауықтыру бассейндері, сыйымдылығы 20 орыннан артық монша және сауналар	Жылына 1 рет
21	Сауықтыру және санаторий объектілер (маусымдық, жыл бойғы)	Жылына 1 рет
22	Вахталық кенттер	Жылына 1 рет
23	Су қоймалары, 2-санатты демалыс орындары (мәдени-тұрмыстық мақсаттағы)	Жылына 1 рет
24	Су көздері, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға арналған су жинау орындары	Жылына 1 рет

25	Қызмет көрсететін халықтың саны 2 мың адамнан асатын орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері	Жылына 1 рет
26	Орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері	Жылына 1 рет
27	Санаторий-сауықтыру ұйымдары, демалыс базалары мен орындары	Жылына 1 рет
28	Зертханалардың барлық түрлері	Жылына 1 рет

## Тәуекел дәрежесі елеусіз объектілер

1	2
1	Техникалық және кәсіптік оқыту, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдары
2	Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын, дене тәрбиесі және шығармашылық қабілеттерін дамыту ұйымы (қосымша білім беру мекемелері) – балалар мен жастар шығармашылығы орталықтары, музыка, спорт көркемсурет мектептері, балалар-жастар орталықтары, аулалық клубтар, жас натуралистер станциялар, оқу-өндірістік комбинаттар, оқу курстары мен басқа да мектептен тыс ұйымдар, тамақтану ұйымдастырылған бала бағушының көрсетілетін қызметтері
3	Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдерді дайындау, сақтау және өткізу объектілері (аяқкиім, ойыншықтар)
4	Компьютерлер (дербес компьютерлер, планшетті дербес компьютерлер, ноутбуктер) және бейнетерминалдар (компьютер клубтары) арқылы халыққа қызмет көрсету объектілері
5	Отыратын орын саны 50-ден кем тамақ өнімдерін өндіретін, қайта өңдейтін және өткізетін қоғамдық тамақ объектілері
6	Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету объектілері (теміржол, автомобиль, су және әуе)
7	Тамақ өнімдерін автоматты түрде дайындауға және өткізуге арналған аппараттар
8	Кремсіз кондитерлік бұйымдарды өндіру объектілері
9	Ұнның жартылай фабрикаттарын, макарон бұйымдарын өндіру объектілері
10	Чипсілер, кепкен нан, жүгері таяқшалары, казинак, шемішке, құрғақ таңғы ас, слайстар, қант мақтасы, поп-куырған жаңғақтарды өндіретін объектілер
11	Дайын тамақ өнімдерін өлшеп орау объектілері
12	Тамақ концентраттарын және тамақ қышқылдарын өндіретін объектілер
13	Шай, ашытқы және іркілдекті өндіретін объектілер
14	Крахмал-сірне өнімдерін, крахмалды өндіретін объектілер
15	Наркология, медициналық-әлеуметтік оңалту және психиатрия бойынша (наркологиялық ауруханалар, диспансерлер, медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтары, психиатриялық ауруханалар мен диспансерлер, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары)
16	Сот медицинасы және патологиялық анатомия саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары
17	Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту денсаулық сақтау ұйымдары
18	Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы көтерме және бөлшек сату объектілері
19	Жедел медициналық жәрдем және санитариялық авиация денсаулық сақтау ұйымдары
20	Апаттар медицинасы денсаулық сақтау ұйымдары
21	Паллиативті көмек және мейіргер күтімін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары
22	Дәстүрлі және халық медицинасы (емшілік) объектілері
23	Көтерме, бөлшектеп сату базарлары және көтерме, бөлшектеп сату объектілері



24	Дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдары мен препараттарын, вакциналар мен басқа имундық-биологиялық, диагностикалық препараттарды дайындау, өндіру, қайта өңдеу, сондай-ақ олар пайдаланумен байланысты жұмыс пен қызмет түрлерін көрсету объектілері
25	Шаштараздар, сұлулық салондары, косметологиялық орталықтар, тері және сілемейлі қабықтың бұзылуы арқында қызмет көрсететін косметологиялық орталықтар
26	Спорт-сауықтыру мақсатындағы объектілер, сыйымдылығы 20 орынға дейінгі моншалар, сауналар
27	Әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілері (мәдени-ойын-сауық объектілері, зираттар, жеңіл мақсатындағы объектілер, адамдар уақытша тұратын объектілер (қонақүйлер, мотельдер, кемпинг жатақханалар), тұрғын үйлер және қоғамдық ғимараттарды, кеңселерді, ұйымдарды пайдалану бойынша ұйым басқармалары, үй-жайлар иелері кооперативтері, қоғамдық дәретханалар, кір жуу, химиялық тазарту орындары тазарту құрылыстары және өзгелері)
28	Қызмет көрсететін халықтың саны 2 мың адамнан асатын орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сыйымдылықта жүйелері
29	Су құбырлар, кәріз, жылу жүйелеріне қызмет көрсету бойынша объектілер, қазандықтар
30	Кәріз тазарту құрылыстары мен желілері (соның ішінде жауын-шашын кәрізі)
31	Өндірістік объектілердің санитариялық сыныптамасына сәйкес қауіптілігі 3-5-сыныпқа жататын қызмет түрлері химиялық өндіріс, металлургиялық, машина құрылысы және металл өңдеу объектілері, кен, кенді емес қазбалар табиғи газды өндіру, құрылыс өнеркәсібі, қауіптілігі 1 және 2-сыныптағы уытты өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, зарарсыздандыру, көму бойынша объектілер, сағатына 120 килограмм және одан артық медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау, жою, сұрыптау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату (өнеркәсіп бойынша объектілер, минералды отынды жаққан кезіндегі электр және жылу энергиясы өндірісі, радиотехникалық объектілер, ағаш өңдеу, тоқыма өндірісі және жеңіл өнеркәсіп өндірісі, автомобильге май құю станциялары)
32	Спорт-сауықтыру мекемелері
33	Саябақтар
34	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11205 болып тіркелген) бекітілген «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалардың 4-тармағында көзделген иондаушы сәулелену көздері бар радиациялық объект белсенділігі ең аз мәндегі радиоактивті қалдықтар
35	Тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауыз суды тасымалдау үшін пайдаланылатын құралдары (теміржол, автомобиль, су және әуе)
36	Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді, гигиена құралдарын сақтауға арналған қоймалар
37	Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді және гигиена құралдарын өндіретін объектілер

**Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне 2-қосымша**

р/с №	Талаптар тізбесі	Бұзушылық дәрежесі
1	2	3
1.	<b>Стационарлық медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары</b>	
1.1	Аумақты күтіп ұстауға және абаттандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеусіз

1.2	Объектілерді пайдалануға (сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, микроклиматқа, жылытуға және т.б.) қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
1.3	Үй-жайлар жиынына, күтіп ұстауға, соның ішінде дезинфекциялау және стерильдеу режимдеріне және жабдықтарды пайдалануға, соның ішінде сәулелік диагностика мен терапия жабдықтарына қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
1.4	Науқастардың тамақтануын ұйымдастыруға, медициналық персоналдың еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
1.5	Қатты және жұмсақ мүкәммалмен, соның ішінде бір рет қолданылатын медициналық мақсаттағы бұйымдармен, дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз ету	елеусіз
1.6	Инфекциялық бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
1.7	Ауруханаға жатқызылған, стационарда болған және шығарған кезінде пациенттерді инфекциялық және паразиттік ауруларға тексеруге қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
1.8	Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, соның ішінде инфекциялық және (немесе) паразиттік аурудың әрбір жағдайын анықтауға және тексеруге, инфекциялық және (немесе) паразиттік ауру жағдайлары анықталған және инфекциялық ауруларға қарсы егуге жатқызылатын контингентті иммундау кезінде қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
1.9	Медициналық мақсаттағы бұйымдарға стерилдеу және дезинфекциялау жүргізу жағдайларына қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
1.10	Медициналық қызмет көрсету кезінде қолды өңдеу қағидаларын, асептика, антисептика қағидаларын сақтау, қолды дұрыс өңдеу бойынша көрнекі құралдардың болуы	елеулі
1.11	Зертханаларға қойылатын талаптарды сақтау, I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі тиісті комиссияның рұқсатының болуы	өрескел
1.12	Төсек орындарын жинауға, жууға, тасымалдауға және сақтауға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
1.13	Медициналық қалдықтарды жинауға, уақытша сақтауға, тасымалдауға және залалсыздандыруға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
1.14	Иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық препараттарды сақтауға, тасымалдауға, пайдалануға және есепке алуға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
1.15	Бекітілген медициналық құжаттаманың болуы және жүргізу	елеулі
1.16	Емдік тамақтануды ұйымдастыру. Бір науқасқа арналған тамақтану нормаларын сақтау. Тамақтанудың химиялық құрамы, тағамдық құндылығы, өнімдер жиыны бойынша, тамақтану режимі бойынша сәйкестігін сақтау. Тәуліктік сынамалардың болуы	елеусіз
1.17	Технологиялық, тоңазытқыш жабдықтарымен, асхана және асүй ыдыстарымен, тұрайтын мүкәммалмен жабдықтау, ас блогында таңбалауды, сақтау, жуу және өңдеу қағидаларын сақтау	елеусіз
1.18	Шикізат пен пайдаланылатын өнімнің, қосалқы материалдардың, жиһаздың, жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің қауіпсіздігін, сәйкестігін, бақылануын растайтын құжаттардың болуы (мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, сәйкестік туралы декларацияның, сәйкестік туралы сертификаттың болуы)	өрескел
1.19	Өнімдерді (тауарларды) таңбалау бөлігінде оларға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел

1.20	Шикізатты және дайын өнімдерді сақтау шарттарын және мерзімдерін сақтау	елеулі
1.21	Шикізатты және дайын өнімдерді тасымалдау шарттарын сақтау	өрескел
1.22	Шикізат пен дайын өнімдер сынамаларының зертханалық зерттеу нәтижелері	өрескел
1.23	Өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу	өрескел
1.24	Дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыру	елеулі
<b>2.</b>	<b>Стоматологиялық қызмет көрсететін объектілер</b>	
2.1	Аумақты күтіп ұстауға және абаттандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеулі
2.2	Объектілерді пайдалануға (сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, микроклиматқа, жылытуға және т.б.) қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
2.3	Үй-жайлар жиынына, күтіп ұстауға, соның ішінде дезинфекциялау және стерильдеу режимдеріне және жабдықтарды пайдалануға, соның ішінде сәулелік диагностика мен терапия жабдықтарына қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
2.4	Науқастардың тамақтануын ұйымдастыруға, медициналық персоналдың еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
2.5	Қатты және жұмсақ мүкәммалмен, соның ішінде бір рет қолданылатын медициналық мақсаттағы бұйымдармен, дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз ету	елеусіз
2.6	Инфекциялық бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
2.7	Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, соның ішінде инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулар жағдайлары анықталған кезінде қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
2.8	Медициналық мақсаттағы бұйымдарға стерилдеу және дезинфекциялау жүргізу жағдайларына қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
2.9	Медициналық қызмет көрсету кезінде қолды өңдеу қағидаларын, асептика, антисептика қағидаларын сақтау, қолды дұрыс өңдеу бойынша көрнекі құралдардың болуы	елеулі
2.10	Төсек орындарын жинауға, жууға, тасымалдауға және сақтауға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
2.11	Медициналық қалдықтарды жинауға, уақытша сақтауға, тасымалдауға және залалсыздандыруға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
2.12	Дезинфекциялық препараттарды сақтауға, тасымалдауға, пайдалануға және есепке алуға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
2.13	Бекітілген медициналық құжаттаманың болуы және жүргізу	елеусіз
2.14	Дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыру	елеулі
2.15	Зертханалық көрсеткіштер: қоршаған орта объектілері, су, ауа, тамақ өнімдері, дезинфекциялық құралдар сынамалары (шайындылары), стерилдікке сынама, зертханалық-құрал-саймандық зерттеулер	өрескел
2.16	Қызметкерлерді алдын ала және/немесе мерзімдік медициналық қарап тексерудің, вакцинациялаудың болуы	өрескел
2.17	Медициналық персоналдың еңбек жағдайын сақтау. Персоналда жеке қорғаныш құралдары, арнайы киім, арнайы аяқкиімнің болуы және олармен қамтамасыз етілуі. Оларды сақтау, беру, өңдеуді ұйымдастыру бойынша талаптарды сақтау	елеусіз
<b>3.</b>	<b>Қан қызметі саласында қызмет көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары</b>	

3.1	Аумақты күтіп ұстауға және абаттандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеулі
3.2	Объектілерді пайдалануға (сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, микроклиматқа, жылытуға және т.б.) қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
3.3	Объектінің құрылғысына және күтіп ұстауға, орналасуына және үй-жайлардың санитариялық-техникалық жағдайына, оның ішінде ағымдылықты сақтауға қойылатын талаптарды сақтау («таза» және «лас» аймақтар)	елеулі
3.4	Жабдықтармен және шығыс материалдарымен жаракталуға қойылатын талаптарды сақтау. Қатты және жұмсақ мүкәммалмен, соның ішінде бір рет қолданылатын медициналық мақсаттағы бұйымдармен, дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз ету	елеусіз
3.5	Санитариялық-техникалық жабдықты, жиһазды, мүкәммалды күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
3.6	Үй-жайларды күтіп ұстауға, соның ішінде дезинфекциялау және стерильдеу режимдеріне және жабдықтарды пайдалануға, соның ішінде сәулелік жабдықтарды пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
3.7	Медициналық мақсаттағы бұйымдарға стерилдеу және дезинфекциялау жүргізу жағдайларына қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
3.8	Инфекциялық бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды, соның ішінде донорларды гемотрансфузиялық инфекцияларға тексеруге қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
3.9	Қызметкерлерді алдын ала және/немесе мерзімдік медициналық қарап тексерудің, соның ішінде парентеральды гепатиттер маркерлеріне және В вирустық гепатитіне қарсы вакцинациялаудың болуы	өрескел
3.10	Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге, инфекциялық ауру жағдайлары анықталған кезінде қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
3.11	Медициналық қызмет көрсету кезінде қолды өңдеу қағидаларын, асептика, антисептика қағидаларын сақтау, қолды дұрыс өңдеу бойынша көрнекі құралдардың болуы	өрескел
3.12	Медициналық персоналдың еңбек жағдайын сақтау. Персоналда жеке қорғаныш құралдарының болуы және олармен қамтамасыз етілу	елеулі
3.13	Салқындату тізбегінің және қан компоненттері мен препараттарын сақтау талаптарын сақтау	өрескел
3.14	Бір донорға арналған тамақтану нормаларын сақтау	елеусіз
3.15	Зертханаларға қойылатын талаптарды сақтау, I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі тиісті комиссияның рұқсатының болуы	өрескел
3.16	Арнайы киіммен қамтамасыз етілу, таза киімді жуу және сақтау	елеусіз
3.17	Медициналық қалдықтарды жинауға, уақытша сақтауға кәдеге жаратуға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
3.18	Үй-жайларды жинауға, жинау мүкәммалын сақтауға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
3.19	Дезинсекциялық және дератизациялық жұмыстарды жүргізу, өңдеудің жиілігін сақтау	өрескел
4.	<b>Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары</b>	

4.1	Аумақты күтіп ұстауға және абаттандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеулі
4.2	Объектілерді пайдалануға (сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, микроклиматқа, жылытуға және т.б.) қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
4.3	Үй-жайлар жиынына, күтіп ұстауға, соның ішінде дезинфекциялау және стерильдеу режимдеріне және жабдықтарды пайдалануға, соның ішінде сәулелік диагностика мен терапия жабдықтарына қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
4.4	Бір науқасқа арналған алаң нормасын сақтау (күндізгі стационар)	елеусіз
4.5	Қатты және жұмсақ мүкәммалмен, соның ішінде бір рет қолданылатын медициналық мақсаттағы бұйымдармен, дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз ету	елеусіз
4.6	Медициналық қызмет көрсету кезінде қолды өңдеу қағидаларын, асептика, антисептика қағидаларын сақтау, қолды дұрыс өңдеу бойынша көрнекі құралдардың болуы	елеулі
4.7	Инфекциялық бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
4.8	Медициналық көмекке жүгінген кезде пациенттерді инфекциялық және паразиттік ауруларға тексеруге қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
4.9	Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын, соның ішінде инфекциялық және (немесе) паразиттік аурудың әр жағдайын анықтау және тексеру, инфекциялық және (немесе) паразиттік ауру жағдайлары анықталған кезінде қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
4.10	Медициналық мақсаттағы бұйымдарға стерилдеу және дезинфекциялау жүргізу жағдайларына қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
4.11	Зертханаларға қойылатын талаптарды сақтау, I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі тиісті комиссияның рұқсатының болуы	өрескел
4.12	Төсек орындарын жинауға, жууға, тасымалдауға және сақтауға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
4.13	Медициналық қалдықтарды жинауға, уақытша сақтауға, тасымалдауға және залалсыздандыруға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
4.14	Халыққа профилактикалық егулер жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау, халықтың профилактикалық егулермен қамтылуын талдау	өрескел
4.15	Имундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық препараттарды сақтауға, тасымалдауға, пайдалануға және есепке алуға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
4.16	Қызметкерлерді алдын ала және/немесе мерзімдік медициналық қарап тексерудің және вакцинациялаудың болуы	өрескел
4.17	Медициналық персоналдың еңбек шартын сақтау. Персоналда жеке қорғаныш құралдарының болуы және олармен қамтамасыз етілу	елеулі
4.18	Халықтың алдын ала немесе мерзімдік медициналық қарап тексерумен қамтылуының толықтығы және оны өткізудің сапалылығы	өрескел
4.19	Бекітілген медициналық құжаттаманың болуы және жүргізу	елеусіз
4.20	Зертханалық көрсеткіштер: қоршаған орта объектілері, су, ауа, дезинфекциялық құралдар сынамалары (шайындылары), стерилдікке сынама, зертханалық-құрал-саймандық өлшеулер	өрескел
4.21	Дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізу талаптарын сақтау	өрескел

4.22	Қарсы профилактикалық егулер жүргізілетін инфекциялық аурулармен ауыратын науқастарға қатысты санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын сақтау	өрескел
<b>5.</b>	<b>Сот медицинасы және патологиялық анатомия саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары</b>	
5.1	Аумақты күтіп ұстауға және абаттандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеулі
5.2	Объектілерді пайдалануға (сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, микроклиматқа, жылытуға және т.б.) қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
5.3	Жұмсақ және қатты мүкәммалмен қамтамасыз етілу	елеусіз
5.4	Сот-медицина орталықтарында тірі адамдарды сараптау бөліміне қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
5.5	Тірі адамдарды сараптау бөлімінде сұйық сабын, антисептиктер, бір рет қолданылатын орамалдар, сүлгілер, бір рет қолданылатын медициналық мақсаттағы бұйымдар қорының болуы. Инвазивті емшалар жүргізу кезінде қол жуу қағидаларын, асептика қағидаларын сақтау	елеулі
5.6	Дезинфекциялау-стерильдеу режимін сақтау	өрескел
5.7	Тоңазытқыш кондырғыларында температуралық режимді сақтау	елеусіз
5.8	Медициналық қалдықтарды жинауға, залалсыздандыруға, уақытша сақтауға, тасымалдауға және кәдеге жаратуға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
5.9	Инфекциялық бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды, соның ішінде пациенттерді инфекциялық ауруларға тексеруге қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
5.10	Карантинді және аса қауіпті инфекциялар бойынша профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау	өрескел
5.11	Бекітілген медициналық құжаттаманың болуы және жүргізу	елеусіз
5.12	Зертханалық көрсеткіштер: тірі адамдарды сараптау бөлімшесінде су, ауа шайындылары, дезинфекциялық құралдар сынамалары, зертханалық-құрал-саймандық өлшеулер	өрескел
5.13	Төсек орындарын жинауға, дезинфекциялауға, жууға, тасымалдауға және сақтауға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
5.14	Үй-жайларда жинау жүргізуге, жинау мүкәммалын сақтауға және пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
5.15	Персоналға тұрмыстық қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
5.16	Персоналдың ауысымдық санитариялық киіммен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі және оларды пайдалану. Санитариялық киімді жуу	елеусіз
5.17	Алдын ала және/немесе мерзімдік медициналық қарап тексерудің, вакцинациялаудың болуы	өрескел
<b>6.</b>	<b>Дәрілік препараттарды дайындау объектілері</b>	
6.1	Аумақты күтіп ұстауға және абаттандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеулі
6.2	Объектінің құрылғысына және күтіп ұстауға, үй-жайлардың жиынына, орналасуына және санитариялық-техникалық жағдайына қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
6.3	Сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, микроклиматқа, жылытуға қойылатын талаптарды сақтау	елеулі

6.4	Тұрғын үйлерге кіріктіріп және жапсарлас салынған үй-жайлар үшін бөлек кіретін есіктің болуы	елеусіз
6.5	Персоналға тұрмыстық қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
6.6	Технологиялық және тоңазытқыш жабдықтарымен жаракталуы, жабдықтарға, жиһазға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
6.7	Қойма үй-жайларына қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
6.8	Жеке қорғаныш құралдарының, арнайы киімнің, арнайы аяқкиімнің болуы және оларды пайдалану	өрескел
6.9	Дезинфекциялық режимге қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
6.10	Зерханалық көрсеткіштер: судың, ауаның, дезинфекциялық құралдардың шайындылары сынамалары, зертханалық-құрал-саймандық өлшеулер	өрескел
6.11	Алдын ала және/немесе мерзімдік медициналық қарап тексерудің, вакцинациялаудың болуы	өрескел
6.12	Жинау мүкәммалын сақтауға және пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
7.	<b>Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту денсаулық сақтау ұйымдары</b>	
7.1	Аумақты күтіп ұстауға және абаттандыруға, қоқысты жинауға, уақытша сақтауға, шығаруға, санитариялық-аулалық қондырғылардың санитариялық жағдайына қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
7.2	Сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, микроклиматқа, жылытуға қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
7.3	Объектінің құрылғысына және күтіп ұстауға, үй-жайлардың жиынына, орналасуына және санитариялық-техникалық жағдайына қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
7.4	Қабылдау бөлімшесіне, медициналық қызмет көрсету, ас блогы үй-жайларына және санитариялық-тұрмыстық үй-жайларға қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
7.5	Тұрғын бөлмелердің бір орынға арналған алаңы, жас ерекшелігіне байланысты орын саны және ойын алаңдары нормаларын сақтау	елеусіз
7.6	Жабдықпен жаракталу, жабдықтарды пайдалану қағидаларын сақтау	елеусіз
7.7	Инвазивті емшалар жүргізу кезінде қолды өңдеу қағидаларын, асептика қағидаларын сақтау, қолды дұрыс өңдеу бойынша көрнекі құралдардың болуы	елеусіз
7.8	Құрал-саймандар мен аппаратураның деконтаминациялау әдістерін сақтау	елеусіз
7.9	Инфекциялық бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
7.10	«Госпиталь эпидемиологы» штат бірлігінің болуы	елеусіз
7.11	Ауруханаішілік инфекциялық аурудың әр жағдайын уақтылы анықтау және себептерін тексеру, оларды жою бойынша шаралар қабылдау	өрескел
7.12	Пациенттердің тұруын ұйымдастыруға және тұру жағдайына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеусіз
7.13	Төсек орындарын жинауға, жууға, тасымалдауға және сақтауға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
7.14	Жабдықтарды пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
7.15	Ауруханаға жатқызу кезінде және медициналық көмекке жүгіну кезінде пациенттерді тексеруге қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
7.16	Медициналық қалдықтарды жинауға, залалсыздандыруға, уақытша сақтауға, тасымалдауға және кәдеге жаратуға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
7.17	Дезинфекциялау-стерильдеу режимін сақтау	өрескел

7.18	Жұмсақ және қатты мүкәмалмен қамтамасыз етілу	елеусіз
7.19	Санаторий және сауықтыру объектілерінде медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеусіз
7.20	Санаторий объектілерінде балшықпен емдеу және физиотерапияға арналған үй-жайларды күтіп ұстауға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
7.21	Санаторий және сауықтыру объектілерінің қойма үй-жайларына қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
7.22	Бір науқасқа арналған тамақтану нормасын сақтау	елеулі
7.23	Шикізаттың және пайдаланылатын өнімдердің, қосалқы материалдардың, жиһаздың, жеңіл өнеркәсібі өнімдерінің қауіпсіздігін, сәйкестігін, бақылануын растайтын құжаттардың болуы, (мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, сәйкестік туралы декларацияның, сәйкестік туралы сертификаттың болуы)	елеулі
7.24	Өнімдерді (тауарларды) таңбалау бөлігінде оларға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
7.25	Шикізатты және дайын өнімдерді сақтау шарттарын және мерзімдерін сақтау	елеусіз
7.26	Шикізатты және дайын өнімдерді тасымалдау шарттарын сақтау	елеусіз
7.27	Шикізаттың және дайын өнімдер сынамаларының, ауыз су сынамаларының, шайындылар көрсеткіштері, дезинфекциялық құралдар сынамаларының, зертханалық-құрал-саймандық зерттеулердің зертханалық зерттеу нәтижелері	өрескел
7.28	Өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу	өрескел
7.29	Өнімдерді сақтау шарттары мен мерзімдерін сақта, шикізат пен өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін қуәландыратын құжаттардың болуы	өрескел
7.30	Тамақтанудың химиялық құрамы, тағамдық құндылығы, өнімдер жиыны бойынша, тамақтану режимі бойынша сәйкестігін сақтау. Тәуліктік сынамалардың болуы	елеусіз
7.31	Тәуліктік сынамалардың болуы	елеусіз
7.32	Технологиялық, тоңазытқыш жабдықтарымен, асхана және асүй ыдыстарымен, тұрайтын мүкәмалмен жабдықтау, таңбалауды, сақтау, жуу және өңдеу қағидаларын сақтау	елеусіз
7.33	Халықтың алдын ала немесе мерзімдік медициналық қарап тексерумен қамтылуының толықтығы және оны өткізудің сапалылығы	өрескел
7.34	Инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша анықтауды, емдеуді және профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыру бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау	өрескел
7.35	Карантиндік және аса қауіпті инфекциялар бойынша анықтауды, емдеуді және профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыру бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау	елеусіз
7.36	Бекітілген медициналық құжаттаманың болуы және жүргізу	елеусіз
7.37	Персоналға тұрмыстық қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
7.38	Алдын ала және/немесе мерзімдік медициналық қарап тексерудің, вакцинациялаудың болуы	өрескел
7.39	Арнайы киімнің, арнайы аяқкиімнің және басқа да жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарының болуы	елеусіз
7.40	Дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізу	өрескел
<b>8.</b>	<b>Зертханалардың барлық түрлері</b>	
8.1	I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге режимдік комиссияның рұқсатының, қызметтің регламенттелетін түрі лицензиясының болуы	өрескел



8.2	Аумақты күтіп ұстауға және абаттандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеусіз
8.3	Қалдықтарды жинауға, есепке алуға, сақтауға, тасымалдауға, залалсыздандыруға және кәдеге жаратуға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
8.4	Сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, микроклиматқа, жылытуға қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
8.5	Объектінің құрылғысына және күтіп ұстауға, үй-жайлардың жиынына, орналасуына және санитариялық-техникалық жағдайына қойылатын талаптарды сақтау, таза және лас аймақтардың қиылысуын болдырмайтын ағымдылықты сақтау	өрескел
8.6	Радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық, вирусологиялық және паразитологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтау	өрескел
8.7	Жабдықтармен жарақталу, жабдықтарды пайдалану қағидаларын сақтау, жабдықтарды және өлшеу жүйесін тексеру (тексеру туралы сертификаттың болуы)	елеулі
8.8	Жүргізілетін зерттеулерге сәйкес мүккәмалмен, зертханалық ыдыспен, реактивтермен, орталармен қамтамасыз етілу, сақтау шарттары мен мерзімдерін сақтау	елеулі
8.9	Зерттеу жүргізу номенклатурасын сақтау	елеулі
8.10	Санитариялық-гигиеналық және дезинфекциялық режимді сақтау	өрескел
8.11	Зерханашілік бақылау, сыртқы бақылау талаптарын сақтау	елеулі
8.12	Зертхана туралы ереженің болуы, зертханада бекітілген медициналық құжаттаманы жүргізу	елеусіз
8.13	Кадрлық құрам, толықтырылуы, оқытудың уақтылығы (кәсібі бойынша мамандандыру), біліктілік санатын алу, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өту	өрескел
8.14	Алдын ала және/немесе мерзімдік медициналық қарап тексерудің, вакцинациялаудың болуы	елеулі
8.15	Персоналға тұрмыстық қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
8.16	Арнайы киімнің, арнайы аяқкиімнің және басқа да жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарының болуы. Оларды сақтау, беру, жуу, химиялық тазарту, кептіру, шаңын кетіру, майсыздандыру және жөндеу бойынша талаптарды сақтау	елеусіз
8.17	Зертханалық-құрал-саймандық өлшеулер көрсеткіштері	елеусіз
8.18	Дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу	елеулі
9.	<b>Дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдары мен препараттарын, вакциналар мен басқа да иммундық-биологиялық, диагностикалық препараттарды дайындау, өндіру, қайта өңдеу объектілері, сондай-ақ оларды пайдаланумен байланысты жұмыс пен қызмет түрлері</b>	
9.1	Аумақты күтіп ұстауға және абаттандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар	елеулі
9.2	Объектінің құрылғысына және күтіп ұстауға, үй-жайлардың жиынына, орналасуына және санитариялық-техникалық жағдайына қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
9.3	Сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, микроклиматқа, жылытуға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
9.4	Жабдықтармен жарақталу, жабдықтарды пайдалану және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау	өрескел

9.5	Ластану көздері болып табылатын өндірістік объектілердің қоршаған орта жағдайына (атмосфералық ауа, су объектілері, топырақ) әсерінен қорғау жөніндегі іс-шараларды сақтау	елеусіз
9.6	Санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
9.7	Технологиялық процесстерге, өндірістік жабдықтарға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
9.8	Дезинфекция, дезинсекция, дератизация құралдарын жинауға, есепке алуға, сақтауға, тасымалдауға, залалсыздандыруға және кәдеге жаратуға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
9.9	Дезинфекция, дезинсекция, дератизация мәселелері бойынша персоналды даярлау бойынша талаптарды сақтау	өрескел
9.10	Медициналық иммундық-биологиялық және диагностикалық препараттарды сақтауға, тасымалдауға және пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
9.11	Медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сақтауға арналған резервті тоңазытқыш жабдығының, тоңазыту бөлмесінің немесе камерасының, оларға қосалқы бөлшектердің болуы	өрескел
9.12	Медициналық иммундық-биологиялық препараттарды дұрыс сақтау, тасымалдау және пайдалану аясын қамтитын стандартты операциялық шараларды (СОШ) әзірлеу және бекіту бойынша талаптарды сақтау	өрескел
9.13	Медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сақтауға арналған тоңазыту және мұздату бөлмелерін немесе камераларын пайдалануға енгізген кезінде және жөндеу жүргізгеннен кейін температуралық ауытқу аймақтарына тестілеу жүргізу бойынша талаптарды сақтау	өрескел
9.14	Медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сақтау және пайдалану мерзімдерін сақтау	өрескел
9.15	Медициналық иммундық-биологиялық және дезинфекциялық препараттары бойынша есепке алу-есеп құжаттамасын жүргізу	өрескел
9.16	Персоналды алдын ала және/немесе мерзімдік қарап тексерудің, вакцинациялаудың болуы	өрескел
9.17	Дезинфекциялық құралдарда Қазақстан Республикасының немесе Кеден одағының мемлекеттік тіркеу туралы құжаттарының болуы	өрескел
9.18	Кеден одағына мүше-мемлекеттер аумағында қолдануға рұқсат етілген әкелінетін дезинфекциялық құралдармен жұмыс істеу шарттарын және қаптамалау мен таңбалауға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
9.19	Өндірістік зертханалық бакылаудың болуы	өрескел
9.20	Медициналық иммундық-биологиялық және диагностикалық препараттарды, дезинфекция, дезинсекция, дератизация құралдарын өндіру және дайындау кезінде зертханалық зерттеулердің және құрал-саймандық өлшеулердің нәтижелері	өрескел
9.21	Дезинфекция, дезинсекция, дератизация құралдарын өндіру кезінде қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
9.22	Дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу кезіндегі талаптарды сақтау	өрескел
9.23	Арнайы киімді, арнайы аяккиімді және басқа да жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарын сақтау, беру, жуу, дезактивациялауды ұйымдастыру бойынша талаптарды сақтау	өрескел
10.	<b>Құрылыс объектілері, құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және пайдалануға енгізу кезінде тұрмыстық қызмет көрсету және еңбек жағдайлары</b>	
10.1	Кіретін жолдарды, өтпелерді, жаяу жүргінші жолдары мен учаскелерді абаттандыруға қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз

10.2	Құрылыс алаңдары мен учаскелерді жарықтандыруға қойылатын талаптарды сақтау	өрескел
10.3	Құрылыс алаңдары мен учаскелерді күтіп ұстауға және санитариялық жағдайына қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
10.4	Адамға әсер ететін Гигиеналық нормативтерді және физикалық факторларды сақтау	өрескел
10.5	Қалалық және ауылдық елді мекендерде атмосфералық ауаға қойылатын Гигиеналық нормативтерді сақтау	өрескел
10.6	Құрылыс алаңдары аумағын және оның шекарасынан тыс жақын жердегі аумақты күтіп ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеусіз
10.7	Тұрмыстық үй-жайларда дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеулі
10.8	Тұрмыстық қызмет көрсетуге, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, су бұруға, жарықтандыруға, желдетуге, жылытуға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	өрескел
10.9	Жұмысшылардың ыстық тамақтануын (асхана, буфет, үлестіру пункті) ұйымдастыруға немесе тамақ ішуге арналған үй-жайды ұйымдастыруға (сақтау, жылыту) қойылатын санитариялық талаптарды сақтау	елеулі
10.10	Инфекциялық аурулар бойынша қолайсыз елді мекен аумағында құрылыс жұмыстарын жүргізген кезде алдын ала және/немесе мерзімдік медициналық қарап тексерудің, профилактикалық екпелердің болуы	елеулі
10.11	Жұмысшылардың еңбек жағдайын ұйымдастыруға, технологиялық процестерге, технологиялық жабдықтардың санитариялық жағдайына қойылатын санитариялық талаптарды сақтау	елеулі
